

Қапышова Нұрай, Кәдір Айша

«М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: К. С.МУСИНА

**Тақырыбы: «Ұлтық болмысты танудағы М.О.Әуезовтік
этнолингвистика»**

Мазмұны:

I. Кіріспе

II. Теориялық бөлім.

2.1. Этнолингвистиканың қалыптасуы

III. Практикалық-зерттеушілік бөлім.

3.1. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы табу сөздердің ұлттық болмысты танытуы

3.2. Эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылуы

IV. Қорытынды.

V. Пайдаланылған әдебиеттер.

VI. Қосымша.

Кіріспе

Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша түгел қамтып, жүйелі зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға болады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік бір ерекшелігі - әдеттегі (түсіндірме, екі тілдік, терминдік, этнографиялық т.б.) сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған «ұят» сөз деректерді де, әзіл - қалжындарды да қамтуында. Қазақ этнолингвистикасы лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным- тұрғысынан толық ашып, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеуді мақсат етеді. Ол сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес түрінде де, номинативті мағынасы мен этностық танымынан туындаған «этнолингвистикалық мағынасы» деңгейінде де түсіндіруді, анықтауды, топшылауды, сипаттауды талап етеді.

Зерттеудің өзектілігі:

Қазақ тілінің бай сөздік қорын болмыс-бітімімен М.Әуезов тілінде қолданылу дәлдігін, әсерлілігін болашақ ұрпаққа жеткізу. Адам дүниетанымы мен психологиясын танудағы этнолингвистикалық қолданыстың маңыздылығын насихаттау.

Зерттеу мақсаты:

М.О.Әуезов шығармаларындағы халқымыздың ұлттық болмысын танытатын лексикалық және синтаксистік бірліктерді табу, тілдік қолданыстық ерекшелігін зерделеу.

Зерттеу міндеттері:

-этнолингвистика- ғылымның бір саласы екендігін қарастыру;

-халықтық қолданыстағы этнолингвистикалық ұғым;

- «Абай жолы» роман-эпопеясының этнолингвистикалық сипатын анықтау.

Зерттеудің ғылыми болжамы (гипотезасы): М.Әуезов қолданған этнолингвистикалық бірліктерді курстық, дипломдық жұмыс нысанына айналдыру.

Зерттеу әдістері: ақпарат жинау, дереккөздермен жұмыс, мысал теру, ғылыми талдау жасау, өңдеу, сандық технологияны пайдалану, ақпараттық өңдеу т.б.

Зерттеуден күтілетін нәтижелер:

- жаттығу жұмыстарын құрастыруға мысалдар жинақталады;

- тіл тарихына қатысты деректер жинақталады;

- кәсіби зерттеу бағытындағы түсінігіміз қалыптасады;

II.1. Этнолингвистиканың қалыптасуы

Этнолингвистика - тілді мәдениетке қатысты зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және дамуындағы тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін қарастыратын тіл білімінің саласы. Этнолингвистикаға қатысты еңбектердің көбісі сөздік түрінде болғанымен оған бағышталған ғылыми зерттеулер мен тақырыптық жинақтар да баршылық. М.Әуезовтың «Абай жолы» роман - эпопеясы елдің тарихи мен тұрмыс салтының көл-көсір көп суреті ғана емес, ол халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс тарихи шындық, өмірдің философиясы мен поэзиясы ұштасқан кесек көркем туынды. Тарихи романның мақсаты мен міндеті біздің алдымызға тарихи фактілердің ішкі, сыртқы қыры мен сырын ашып тастауға, ел мен дәуірдің ерекшелігін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын көрсетуге міндетті. Этнолингвистиканың бір міндеті - сан алуан бұлақтардан этнос болмысына қатысты фактілерді тірнектеп жинау болса, екінші міндеті- оларды саралап жүйеге салу, олардың мазмұнын айқындау, тәтіштеп түсіндіру, қорыту, яғни оларды этностың өзі туралы «сөйлете білу» (12,476). Сонымен, қазақ этнолингвистикасының қалыптасу, даму үрдісінен кейбір өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ол жалпы этнолингвистикалық идеясында туындап, қазақ этносын оның тілі арқылы танып білу мақсатымен бұдан 15-20 жыл бұрын (1985 ж.) өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындай түскен, зерттеу объектілерін саралап, тәсіл-әдістерін күн санап ширата түскен ғылым саласына жатады.

«Этнолингвистика - это раздел макролингвистики, изучающий отношения между языком и народом и взаимодействия лингвистических и этнических факторов в функционировании и развитии языка». Алайда бұл термин ғылым саласында көптен бері-ақ қолданылып келе жатса да, оның дәл осы мағынасы бірден қалыптаса қойған жоқ әрі ол туралы пікір таластар әлі күнге дейін жалғасуда; олар негізінен этнолингвистиканың зерттеу объектісіне және басқа ғылым салаларымен қатысына байланысты болып келеді. Мәселен, проф. М. М. Копыленконың пайымдауынша, «этнолингвистика» термині ғылым әлемінде ең алғаш шет ел ғалымы Б.А.Уорфтың идеясы негізінде

этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған болып табылады. Ал, бұл идея Э.Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен 3 жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясымен сәйкес болғандықтан, ғылымда «Сепир-Уорф болжамы» деген атпен де белгілі болып келді. Алайда этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (мәс, В.Гумбольдт, В.Вундт, А.А.Потебня, Г.Шухардт, Ф. Де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ т.б.) өздері де о бастан-ақ этнолингвистиканың «Этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да, олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргендігі мәлім. Мәселен, этнолингвистиканың аяқ тірер бір тағаны- «этносты» кейде «этнос» деуден қашқақтап, сан саққа жүгіртіп, біресе «мәдениет», біресе «тарих пен әлеуметтік жағдай» деп, оның шеңберін тарылтып, бүтіннің бөлшегі ретінде көрсетулер ерекше көзге түседі. Мәселен, Фердинандт де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде танып, өз ойын «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады» деп тұжырымдады. Жалпы дұрыс пікір. Бірақ этнос тілінде өз көрінісін табатын тек оның салт-дәстүрі ғана емес қой. Сол сияқты, Э.Сепир де этнография, салт-дәстүр, мифология т.б. сол сияқты ұғымдарды этнос болмысымен шендестіріп, «тіл әлемін» тілдің символдық қызметімен шектеп көрсеткісі келеді. Ал, кейінгі кезде қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста «этносты» «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология (адам туралы ғылым) терминін қолдану үрдісі де байқалып отыр. Тағы бір пікір: Этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу. Мұны негізінен орыс ғалымдарына (Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Ф.Журавлев т.б.) тән дәстүр десе де болады. Көненің көзіне көбірек көңіл бөлу үрдісі қазақ этнолингвистерінен де байқалады. Саясатта: этнолингвистика - қоғамдағы этнос тілінің жағдайын білдіреді. Міне, көріп отырғанымыздай, «этнолингвистиканы мақсат-мүддесі мен зерттеу объектісі, әдіс-тәсілдері айқын, төрт аяғынан тік тұрған ғылым» деп айтуға әлі ерте. Мұны жоғарыда аталған профессор М.М.Копыленконың еңбегінен де көруге болады. Осы орайда этнолингвистиканың барлық тілдерге қатысты әмбебап ғылым ретінде толық қалыптасып, дами түсуіне кейінгі кездерде түркі тілдері негізінде көбейе бастаған ізденістер мен зерттеулердің, соның ішінде қазақ тілінің де қосып отырған үлесін ескерген жөн. Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес де

перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым проф. М.М. Копыленко өзінің «Этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсеткен. Қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен оның бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу объектілері мен әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болады. «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз. Әдетте екі объектіні- «этнос» пен «тілді»-біз тым еркін, кең мағынада да, тар мағынада да қолдана береміз. Осыған байланысты біз өз тарапымыздан ұсынып отырған концепциямызда «этностың» орнына «этнос болмысы», «тілдің» орнына «тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды пайдаланамыз. Оның екі-үш түрлі себебі бар: біріншісі- «этнос» деген ұғымның ауқымы кең және барша жұртқа бірдей түсінікті еместігі; екіншісі- «этносты» тар мағынаға сыйғызып, жоғарыда көрсетілгендей, «мәдениет», «этнография», «мифология» т.б. осы сияқты ұғымдардың баламасына айналдыруға келмейтіндігі; үшіншісі- этнолингвистиканың этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін т.т.) паш етуге мүдделі екендігі. Сонда «этнос» пен «этнос болмысы» деген ұғымдарды этнолингвистика тұрғысынан қалай түсінуіміз керек? «Этнос»-ғылым жүзінде: «өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып табылады. Мұндай этностар жер жүзінде өте көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әр түрлі: көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Қазақ этнос болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі-ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. «Этнос болмысы»- этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық. Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз - этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани - мәдени қазынасы.

II.2. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы табу сөздердің ұлттық болмысты танытуы

Сөздер мен сөз тіркестерін зерттеуде этимологиямен бірге этнолингвистиканың да маңыздылығы бар. Мұндай жағдайда, әсіресе, мағынасы күңгірттенген бірліктердің мәнін ашып, жасалу мотивтері мен қолданыс шеңберін айқындауда этнолингвистиканың этимологиялық пайымдауларға сүйенері анық. Сөз төркінін айқындаудың тағы бір қажеттігі тіл практикасында мұндай фактілерді «халықтық этимология» тұрғысынан түсіндіру жиі кездеседі. Кейде этнолингвистикалық түсініктеме дәлелсіздеу көрінгенде де этимологиялық бір деректің өзі-ақ оны айқындай түсуі мүмкін. Мысалы, көне де байырғы «бөрі» сөзінің эвфемистік баламасы деп көрсетілетін, қарысқыр сөзін үлкен ғылыми этимологияға бармай-ақ, қырғыз тілінде мойны мен жақ сүйектерінің қарысып қалуына байланысты «қарышқыр» деп аталуы арқылы түсіндіруге де болады. Этимологиялық зерттеулерде этнолингвистикалық факторлардың пайдаланылуы да жиі кездеседі. Этнолингвистикалық деректер этимологияның негізгі үш-фонетикалық, семантикалық және морфологиялық - принципіне қосымша дәйектеме ретінде пайдаланып, этимология объектісін уақыт-мезгіл кеңістігі мен тарихи дәлдігі тұрғысынан айқындай түсуде өз үлесін қосып отырады. Бұл - лингвистикалық пәндердің этнолингвистика аясында болатын өзара табиғи байланысы. Дәл осы тәрізді астарлас байланыс этнолингвистика мен қазақ диалектологиясы арасынан да айқын көрінеді. Өйткені этнолингвистика әдеби тіл ауқымымен ғана шектелмей, жалпыхалықтық тіл фактілерін мүмкін болғанша түгел қамтуды мақсат етеді. Міне, осыған байланысты этнолингвистика жергілікті (жанды, ауызекі, жаргон т.б.) тіл ерекшеліктерін зерттейтін диалектологиямен де мүдделес.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде *табу* деп аталады. Қараңғылық пен діншілдік үстемдік құрып тұрған өткен замандарда адам баласы өмірді жете танып білмеу салдарынан, зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деп жаңсақ түсінушілік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Бұл әдет түркі халықтарының тарихында кең тараған. Қазақ халқының революцияға дейінгі тұрмысында да бұл сияқты соқыр сенім бірқыдыру өмір сүріп келгендегі аян.

Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен ғана байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу қолайсыздау, көңілге тиетіндеу болып келген жағдайда да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырала береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер келіп басады. Мұндай құбылыс тіл білімінде *эвфемизм* деп аталынады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған соқыр сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер өскелең халқымыздың бүгінгі таңдағы қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан. Қазіргі қазақ тілінің «Лексика» тарауын оқуда «Табу, эвфемизм, дисфемизм» тақырыптарына мысалдар тере отырып көркем шығарма оқимыз, көркем шығарма оқысақ өтіліп жатқан тақырыптарға сәйкес мысалдар тереміз. Сондай пәндік-лингвистикалық тапсырмалар орындау арқылы ғылыми ізденіс жолына түсеміз деп ойлаймыз. Аталған тақырыптарды меңгеруде жазушының «Абай жолы» романынан да көптеген мысалдар теріп, түсінгенімізді дәлелдедік. Енді соның бірер түріне талдау жасайық.

Оспан мен Еркежан, Әубәкір мен Пәкизатты жөргегінен алып бауырларына салып өсірген. Ақылбайды Ұлжан өз бауырына салып, өз баласы қылып алды [1, 2-кітап. 216]

Бауырына салу (ғұрып) – баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни бауырына салуы. Мұның да жөн-жоралары бар. Мысалы жаңа туған баланы асыраушы анасы шаранасынан етегіне салып алады. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін бауырына салып алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды .

Жұмағұл ауыл жакка карай түсіп:

-Әлі тұра тұр, басында үкің жоқ деп қизылық салады! Тымағынды көзіне кимесен, жактан да ұрады. Екеуін бе! Ербол екеуін талай күкайды көресің. Не кыласын, тек ұсына бер!

«Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол гана емес, қизыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын», - деп күйеу киімін суреттей келе, күйеудің мұндай киімін кигісі келмеген Абайға әжесі Зере қатты бұйрық етіп.

Бірінші рет есік көре барған күйеудің де киімі өзгеше болған. Аяғына биік өкше етік, үстіне қизыл манат шапан, басына төбесіне **үкі тағылған ұзын төбе тымақ киген.**

- *Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алишынбай достығы **құдалыққа** соғып, осы Алишынбайдың Түсіп деген баласының Ділда деген қизын Абайға **айттырысқан** болатын [1,2-кітап 77]*

Құдалық (дәстүр) – күйеу жігіттің әкесі баласымен, өзінің жақындарымен құда түсуге келеді. Құда түсу – аса қизықты өтеді. Құдалардың келуі «құда түсер» деп айтылады. Алдын ала ескерту бойынша қиз әкесі өз туыстары мен жақындарына, сыйлас адамдарына хабарлайды. Құдаларды аса құрметпен, салтанатпен қарсы алады. Екі жақтың құдалары бірібіріне құрметтеп сыйлықтар тапсырып қуанышқа бөленеді. Құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр т.б. Жігіт жағынан келген адам – «бас құда», күйеудің және қиздың әкесі – «бауыздау құда» – ең жақын адамдар. «Бас құда» жаңа жерге келген қиз үшін (келін) әр уақытты қымбат сыйлы адам болады. Жаңа түскен келін оны «ағеке» деп атайды, өйткені ол әр уақытта келінге назарын аударып жүреді. Келін оны әрқашан құрметтеп жүреді. «Құда түсу» – өте мағналы, аса жоғарғы дәрежеде қазақтың ұлттық болмысын көрсетеді (Кенжеахметұлы С., 2007, 31 б.).

Қиз айттыру (дәстүр) – әр түрлі болған. Егер ұл мен қиз әлі жас, мүмкін әлі дүниеге келмеген күнінде адамдар бірін-бірі жақсы білетін, дос, жолдас, дәрежелерінде тең адамдар, бірінікі ұл, не қиз болса құда болуға келіседі. Бұл атастыру деп аталады. Тумаған балаларымен құдаласу – «бел құда», бесіктегі балалары барлар құдаласса – «бесік құда» деп аталады

*-Бала енді асығып, өз шешесіне карай жақындай беріп еді, Жұманның катыны, Қалика деген бір жеңгесі: **Телгара! Айналайын***

Телгара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! — деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі - Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді. [1,10]

Халқымызда жаңа түскен келін қайнаға, қайны, қайын сіңлілерінің атын атамай, жаңадан өзінше ат тауып атаған. Бұл жақсы дәстүр қазір сирек кездеседі. Тәрбиелік-тағылымдық маңызы жойылмаған осы бір дәстүрді қайта жаңғырту дұрыс деп есептейміз.

Қой атаулы босып жүр. Дауылды да, ықтауды да ұмытқан. Есі шыққан жануар бір ілгері, бір кейін қашады. Әрбір жалтарысында арттарында әр қасқыр бір-бір қойды алып соғып қалады. Сәл тыпырлатып аунатады да, тағы ұмтылады. Бұндайда көп қойға шапқанда, бір қасқыр болсын, топ қасқыр болсын бәрінің де есуас қомағайлығы бар. Олар, әуелі, тек өлтіре береді. Кейін бәрін соған жегізіп қоятындай, әуелі, мол азықты қырып алуға тырысады. Қазірде де төрт бөрі сонысын істепті. Жалғыз қойдың да ішін жарып, қарбытып асап, қансоқтаны жеген емес, тек қырып жүр. Бұл үзіндіде дисфемизмдік мысал бар.

Осылайша мысалдарды тізбелей беруге болады. Дәл бір таусылмайтын кен орны дерсің.

Қорытынды

Көркем шығармадан, профессионал жазушының қаламынан туған әңгіме, повесть, роман, драмалық шығарма, поэмалардан этнолингвистикалық мәліметтер алу мәселесі этнолингвистикалық еңбектерде көп айтыла бермейді. Осы тұрғыда М.Әуезов прозасындағы қазақ халқының этнолингвистикалық құндылықтары тақырыбы арнайы зерттеу объектісіне айналдыру болашақ ғалымдардың, зерттеушілердің үлесінде деп білеміз. Біз де өз мүмкіндігімізше үлес қосамыз.

М.Әуезовтің қазақ этносының барлық қырлары түгелдей дерлік ашылған көркем шығармаларымен қатар этнографиялық ойларын тікелей айтқан мақалаларымен ғылыми зерттеу еңбектері де мол. Әуезовтің бұл саладағы еңбектерін екі салаға – ұлттық психологияға және әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық өнер, тұрмысқа қатысты материалдық сфераны сипаттайтын салаларға жатқызуға болады. Бұл тақырып та зерттеп, зерделеуді қажет етеді.

Қорыта келе түйгеніміз, біз сияқты жастардың Әуезов шығармасынан алары, таусылмас мұрасы мол. Әр еңбегі өз алдына жеке ғылыми зерттелуге сұранып тұрған тақырыптар. Және де тек бір бағыт бойынша емес, ғылымның әр саласында танылуға тиісті байлық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны.» Ұжымдық монография.
Алматы , 2014ж.
2. М.О.Әуезов «Абай жолы», «Жазушы» баспасы, I том, 2002ж.
3. М.О.Әуезов «Абай жолы» «Жазушы» баспасы, II том, 2002ж.
4. М.О.Әуезов «Абай жолы» «Жазушы» баспасы, III том, 2003ж.
5. Р.Әбдіғұлов. Әуезовтанудың негізгі мәселелері .
Алматы: Олжа, 2009 ж.

